

и снижению безработицы: бесплатное профессиональное техническое образование, расширение системы микрокредитования через развитие массового предпринимательства, с целью открытия новых рабочих мест и стимулирования к этому индивидуальных предпринимателей, увеличивая число работников на рынке труда в соответствии со спросом.

Abstract. The situation is shown on agricultural labor market of the republic, in particular Ak-mola region. Its main indicators have been analyzed: level of the capable workforce, economically active part of the population and employment indicators, including the share of hired workers and self-employed population, unemployment rate, structural changes in the number of capable working population and groups of different ages, factors affecting them. The employment of population in the sector structure of the main sectors of economy, the share of employed by gender groups, the reasons for unemployment among unemployed and economically inactive population who are not referred as labor force are shown. Proposals on improvement of labor market, increase of employment and reduction of unemployment in rural areas have been done. Based on the results of the study, conclusions were drawn on the need to develop effective State programs on employment and reduction of unemployment: free vocational education, expansion of micro-loan system through the development of mass entrepreneurship, with the aim of opening new jobs and encouraging individual entrepreneurs, increasing the number of workers on labor market according to the demand.

Кілттік сөздер: ауыл шаруашылығы, аграрлық еңбек нарығы, жұмыс күші, экономикалық белсенді халық, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық, жұмыссыздық деңгейі.

Ключевые слова: сельское хозяйство, аграрный рынок труда, рабочая сила, экономически активное население, самостоятельно занятые, уровень безработицы.

Key words: agriculture, agricultural labor market, labor force, economically active population, self-employed, unemployment rate.

Кіріспе. Еңбек рыногы – бұл ұдайы өндірісті ұлғайтуды және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін өзара байланысқан және өзара тәуелді қоғамдық байланыстар (құқық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, еңбек нормалары және т.б.) болып табылады. Ғылыми техникалық, технологиялық және ақпараттық прогрестің дамуына байланысты еңбек рыногы рөлі ұлғая түсуде. Сондықтан да теңдестірілген еңбек рыногын қалыптастырудың мақсаты экономиканың дамушы салаларын жоғары білікті кадрлармен толтыру қазіргі жағдайда қажетті болып табылады.

Еңбек рыногы – экономика жағдайын көрсетудің айнасы. Ол тұрғындарды жұмыспен қамту көлемі мен динамикасын, жұмыссыздықтың сала бойынша деңгейін, кәсіби-біліктілік, демографиялық және басқа да көрсеткіштердің құрылымын байқатады.

Еңбек рыногы нарықтық экономиканың бір бөлігі болып келеді және бұл салада жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс қалыптасады, сонымен қатар, қоғамдағы әлеуметтік үдерістерді бейнелейді [1].

Ауылдық еңбек рыногы жалпы еңбек рыногының құрамдас бөлігі ретінде оның

заңдарына бағынады, бірақ салыстыра келгенде өзіндік ерекшеліктеріне бой ұсынады. Ауылдық еңбек рыногының басты айырмашылығы деп жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының өзіндік ерекшеліктерін және олардың балансыздығын; кәсіби даярлықтың төмендігін, жаңа үдерістерді, инновацияны қабылдаудың жоғары дәрежеде еместігін, жұмыс күшінің сапасының төмендігін айтуға болады.

Ауыл шаруашылығы халықтың өмірлік деңгейін, оның әл-ауқатын, елдің азық-түлік қауіпсіздігін анықтайтын және елдің экономикасының көптеген салаларында қатысатын өнімді өндірумен, аймақтарды қосымша жұмыспен қамтамасыз ететін басты сала болып табылады. Саланың өзіне тән ерекшелігі оның экономикалық, географиялық және экологиялық қатынастары мен ауыл шаруашылығы өндірісіндегі гендерлік ерекшеліктерді анықтайды, ерлер мен әйелдер арасындағы еңбек қатынастарын реттеуге және олардың еңбегін қорғау мен қауіпсіздігіне елеулі әсер етеді [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жалпы аграрлық рыноктың құрамдас бөлігі бұл жалпы заңдылықтары мен жұмыс істеді ерекше нысандары және шарттары тән аграрлық еңбек рыногы болып табылады.

Аграрлық еңбек рыногын ауыл экономикасында қалыптасқан еңбек қызметін сату-сатып алу туралы сатушы мен сатып алушы арасындағы нақты қарым-қатынастың жиынтығы ретінде сипаттауға болады.

Ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздық, еңбек рыногының мәселелері қазіргі кезеңде аса маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің бірі болып табылады [3].

Ауылдық жердегі еңбек рыногының қалыптасуы мен дамуы атап кеткеніміздей, қалаға қарағанда баяу болады. Осы рыноктың қалыптасу барысында жұмыспен қамтудың бұрынғы проблемалары ушығып, жаңалары қосылады. Олай болуы заңды құбылыс. Өйткені еліміздегі ауылдық еңбек рыногының жүзеге асуы ауылдық жерлердегі қалыптасқан өзіндік экономикалық жағдайларға байланысты күрделі процесс болып табылады.

Ауылдық еңбек рыногының басты айырмашылығы деп жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының өзіндік ерекшеліктерін және олардың баланссыздығын; кәсіби даярлықтың төмендігін, жаңа

үдерістерді, инновацияны қабылдаудың жоғары дәрежеде еместігін, жұмыс күшінің сапасының төмендігін айтуға болады. Агроөнеркәсіптік кешеннің нарықтық қатынастар жүйесінде ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың мәні зор екендігін атап өту керек. Сонымен қатар ауылдық жерлердегі заманауи еңбек рыногы жұмыс күшінің материалдық өндіріс саласынан қызмет көрсету саласына қайта бөлу кезінде санының қысқаратындығымен сипатталады [4].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ел экономикасы даму жағдайында, соңғы жылдарда облыстың еңбек рыногындағы жағдай біртіндеп жақсаруда, экономикалық белсенділік пен халықтың жұмыспен қамтылуының өсуі байқалуда. Осыған орай 2016 жылы Ақмола облысы бойынша жұмыс күшінің саны 432,7 мың адам, оның ішінде қала халқы – 208,5 мың адам (48,2%), ауыл халқы – 224,1 мың адамды (51,8%) құрады (1 кесте).

2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда жұмыс күші саны 2,8 мың адамға (0,2%) артып, жұмыс күшіне қатысу деңгейі 75,9% қалыптасты.

1 кесте – Ақмола облысы бойынша 2014-2016 жылдар аралығындағы халықтың жұмыс күші

Көрсеткіштер	2014	2015	2016
Жұмыс күші, мың адам	444,7	429,9	432,7
Халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділігінің деңгейі, %	77,9	75,7	75,9
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	422,7	408,1	411,3
Жұмыспен қамтылу деңгейі, %	95,1	95,1	95,1
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	259,1	266,7	269,8
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, %	77,9	75,7	75,9
Өз бетінше жұмыспен қамтылған халық, мың адам	163,6	141,4	141,4
Жұмыссыз халық, мың адам	22	21,8	21,4
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,9	5	4,9
Жастар жұмыссыздығының деңгейі (15-24 жас), %	3,8	3,6	3,2
Жастар жұмыссыздығының деңгейі (15-28 жас), %	3	3,1	3,4
Экономикалық тұрғыдан енжар (әрекетсіз) халық, мың адам	126,4	137,7	137,2
Халықтың экономикалық тұрғыдан енжарлық деңгейі, %	22,1	24,3	24,1
Ескерту - ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері негізде құрастырылған			

Қарастырылып отырған фактілер 2016 жылы халық санындағы еңбекке қабілетті жұмыс күшінің үлесі 75,9%, ал 2015 жылы бұл көрсеткіш 75,7% құрап, 0,2%-ға артқанын дәлелдейді. 2016 жылда облыс экономикасында жұмыспен қамтылғандардың саны, 2014 жылмен салыстырғанда төмендеп, 411,3 мың адамды, яғни 98,5% құрады. Оның ішінде ерлер – 209,9 мың адам (50,1%), ал әйелдер – 201,3 мың адам (49%) жұмыс атқарған. Ал қалалық жерде жұмыспен 199,4 мың адам (48,5%),

ауылдық – 211,9 мың адам (51 %) қамтылған.


Ауылдық аймақтарда жұмыс күшіне сұранысының қалыптасуының басым бөлігі ауыл шаруашылығы салаларының есебінен болып отыр, бұл экономика секторлары бойынша ауылдағы жұмыспен қамтылу құрылымында да сипатталады. Ауыл шаруашылығы өндірісі айрықша ерекшеліктермен сипатталады, өндірістің маусымдылығы, көп салалы бағыттылығы, табиғи факторларды пайдалану, еңбектің маусымдылығы, территориялар бойынша ша-

Социальные проблемы села

руашылық субъектілерінің топталуы болып табылады [5].

1 суретте Ақмола облысы бойынша

халықтың жұмыспен қамтылу дәрежесі көрсетілген.



1 сурет – Халықтың жұмыспен қамтылу дәрежесі, пайызбен

ҚР өңірлерінің ішінде Ақмола облысы өз бетінше жұмыспен қамтылған халық үлесінің ең жоғары деңгейінің бірі болып табылады (Қазақстан Республикасы өңірлерінің арасында 6 орын). Нарықтық экономика жағдайында еңбек рыногының басты мәселелерінің бірі жалдамалы қызметкерлер болып табылады. Жұмыспен қамтылған халықтың басым бөлігі ірі және орта кәсіпорында жұмыспен шұғылданады. Жалпы Ақмола облысы бойынша 2016 жылы жалдамалы қызметкерлер – 269,8 мың адамды (65,6%), оның ішінде қала халқы – 147,0 мың адам (54,5%), ауыл халқы – 122,8 мың адам (45,5%) құраған. Қазіргі күні ауылда жалдамалы жұмыс күшін пайдалану қажеттілігі артуына байланысты ауылдық жерлерде контракт және шарттық еңбекпен қамтудың тұрақты жүйелерін құру туралы шұғыл қажеттілік орын алып отырған кезде әлеуметтік әріптестік, ауыл шаруашылығын заңмен орайластыру қажет.

Жұмыспен қамтудың ең маңызды құраушысы бұл халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтылуы болып табылады. Шаруа (фермерлік) қожалықтарында халықтың дербес жұмыспен айналушылар қатарын құрайды. Осыған орай 2016 жылы өз бетінше жұмыспен қамтылған халық – 141,4 мың адам (34,4%) болды. Өзін-өзі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы са-

нындағы ауылдық жерлердің тұрғындары көбірек, әсіресе қосалқы шаруашылық немесе жеке шаруашылық жүргізу жақсы дамыған, онда – 88,3 мың адам жұмыс істейді. Ауылдық жерлерде өздерінің жеке шаруашылықтарымен – 198 мың адам жұмыспен қамтылды, өзін-өзі жұмыспен қамтылған халық санындағы үлес – 34,4%. Бұл көрсеткіш 2014 ж. салыстырғанда – 259,1 мың адам (61,2%) болып 4,4%-ға артқан.

Гендерлік аспектіде де жұмыссыздар санында айырмашылық сақталуда, жұмыссыз ерлер үлесі – 54,2%, ал әйелдердікі – 45,8% құрап отыр. Жұмыссыз әйелдер саны – 10 мың адам болған, бұл ерлер санына қарағанда – 1385 адамға (15,6%) артық, тиісінше жұмыссыздық деңгейі ерлерде – 4,7%, әйелдерде – 5,2%.


Жалпы іс жүзінде барлық жас топтары бойынша әйелдерге қарағанда ерлердің еңбек белсенділігі жоғары. Жұмыспен қамтылу саласындағы әйелдердің жағдайы олар бірінші болып еңбек рыногына түсіп және жұмыссыздық мәртебесіне ие болады. Әйелдерде жұмысқа орналасуда көптеген қиындықтар туындайды, сол сияқты ауыл шаруашылығында да, ол үшін әрқашанда біліктілігі төмен, қол жұмысы, ауыр және беделсіз жұмыстар қолжетімді, яғни егін шаруашылығымен, мал шаруашылығымен байланысты қолайсыз өнді-

Социальные проблемы села

рісті жағдайлары бар еңбек болды. Ауылдағы әйел еңбегін пайдаланатын негізгі объектілердің бірі бұл жеке қосалқы шаруашылықпен айналысу болып табылады [6].

Облыс бойынша 2016 жылы ерлердің саны жұмыспен қамтылған халықтың жал-

пы санында – 209,9 мың адамды құрады (51,1%), әйелдер – 201,3 мың адам (48,9%). Ал жұмыспен қамтылғандардың ішінде жалдамалы жұмыспен 138,5 мың адам – (51,3%) ерлер, ал 131,3 мың адам – (48,7%) әйелдер болды (2 сурет).



2 сурет – Ауыл халқының гендерлік тобы бойынша жұмыспен қамтылған халық, адам

Сонымен қатар үй шаруашылығы жұмыспен қамтудың (ауыл шаруашылығы мекемесіндегі жұмыспен қатар) екінші формасы, табыстың басты көзі, ауыл тұрғындары қамтылуының негізгі орны болып табылуы да мүмкін. Қазіргі күні тұрғындар шаруашылығы ауылдағы қамтудың басты ерекше белгілерінің бірі болып отыр.

Дегенмен де еңбек рыногын қалыптастыру мен дамыту үдерісі қалаға қарағанда ауылдық жерде баяу жүреді. Ауылдық жерлердегі еңбек рыногының сұранысы мен ұсынысының тепе-теңдігі ауылдық еңбек ресурстары біліктілігі мен нарық қажеттілігі арасындағы үйлесімділіктің дәл болмауынан зардап шегеді.

Жұмыспен қамтудың салалық құрылымы жұмыс күшін негізгі өндірістік салалардан (ауыл, орман және балық шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс), қызмет көрсету саласына (көлік, сауда, білім беру, мәдениет, ғылым, денсаулық сақтау) бөлінуі орын алуда, бұл деген мемлекеттік секторлардағы жұмысқа тартылғандар үлесінің қысқаруымен және тиісінше, оның мемлекеттік емес секторларды – акционерлік қоғамдарда, шаруашылық серіктестіктерде, шаруа (фермерлік) қожалықтарының ұлғаюымен сипатталады. Мысалы, 2016 жылы Ақмола облысында 75,9% жұмыспен қамтылған халықтың экономикалық қызметі ауыл, орман және балық шаруашылығында

– 128,6 мың адам (31,3%), оның ішінде қала халқы – 25,0 мың адам (19,4%), ауыл халқы – 103,6 мың адам (80,6%), өнеркәсіп және құрылыста – 76,9 мың адам (18,7%) қала халқы – 47,1 мың адам (61,2%), ауыл халқы – 29,8 мың адам (38,8%), қызмет көрсету саласында – 205,8 мың адам (50%), қала халқы – 127,3 мың адам (61,9%), ауыл халқы – 78,5 мың адамды (38,1%) қамтыды.

Еңбек рыногының маңызды индикаторы жұмыссыздық деңгейі болып табылады. Оның даму серпінділігіндегі өзгерісі еңбек рыногының нақты жағдайын көрсетеді. Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі еңбек рыногында өткір мәселелердің бірі болып тұр. Ауыл аймақтарында жастардың еңбекке қабілетті санының қысқаруының негізгі факторлары өмірдің мәдени тұрмыс жағдайына қанағаттанбауы, жастарды тұрмыс жағдайлары да, жұмыстың жоқтығы немесе жалақының аздығы да ұнамайды. Қазіргі кезде ауыл еңбегі пайдалы әрекеттің ең төменгі шегінде, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің төмен екендігі анық байқалады. Бұл жердегі мәселе ауыл еңбеккерлерінің еңбегін тиімсіз және өнімсіз пайдаланудан туындап отыр [7].

Төмендегі 2 кестеде талданып отырған облыстың жас мөлшері бойынша жұмыссыз халықтың көрсеткіштері қарастырылған.

Социальные проблемы села

2 кесте – Ақмола облысындағы жасы бойынша жұмыссыз халық

Көрсеткіштер	2014	2015	2016
Барлық халық, мың адам	22,0	22,1	21,4
Қала халқы, мың адам	9,6	10,2	9,2
16-34 жас	3,3	2,6	4,1
35-54 жас	4,8	5,6	4,2
55-64 жас және одан жоғары	1,5	2,0	0,8
Ауыл халқы, мың адам	12,4	11,9	12,2
16-34 жас	4,2	3,8	4,8
35-54 жас	6,1	6,1	5,4
55-64 жас және одан жоғары	2,1	2,0	2,1
Ескерту – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері негізде құрастырылған			

2016 жылы жұмыссыздардың арасында 16-34 жастағы – 8,9 мың адамды (41,6%), 35-54 жастағы – 9,6 мың адамды (44,8%), ал 55-64 жастағы және одан жоғары – 2,9 мың адамды (13,6%) қамтыған. 2014 жылмен салыстырғанда 16-34 жастағы – 7,5 мың адамды (34,1%), 35-54 жастағы – 10,9 мың адамды (49,5%), 55-64 жастағы және одан жоғары – 3,6 мың адамды (16,4%) құрап отыр, бұл көрсеткіштерден 2016 жылы 16-34 жастағы жұмыссыздардың артқанын байқауға болады. Жалпы жұмыссыз халық – 21,4 мың адамды құраса (5,2%), оның қалалық жерлердегі жұмыссыздардың жалпы санына тіркелгені – 9,2 мың адам, олардың арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4,6%, ал ауылдық жерлерде – 12,2 мың адам және жұмыссыздық деңгейі – 5,8% болған.

Бұл көрсеткіш 2014 жылы жалпы жұмыссыз халық – 22 мың адам қалалық жерлердегі жұмыссыздардың саны – 9,6 мың адам, жұмыссыздық деңгейі – 4,8%, ал ауылдық жерлерде – 12,4 мың адамды және жұмыссыздық деңгейі – 5,6% құраған. Яғни 2016 жылы жұмыссыздық деңгейінің 0,2% төмендегенін байқауға болады.

Жұмыссыз халық арасындағы жұмыспен қамтылмаудың басты себебі – жұмысты ұзақ уақыт іздегеннен кейін табу мүмкіндігінің болмауы. Сонымен қатар жұмыспен қамтылмау себептерінің арасында ұйымның таратылуына (банкрот болуына), штаттың қысқаруына байланысты – 35,5%, өз еркімен және кәсіпкерлік қызметтің тоқтатылуына байланысты – 21%, отбасылық жағдайға байланысты – 16,4%, үй шаруашылығын жүргізу – 7%, кез келген жұмыстың болмауы – 16,8%, маусымдық сипаттағы жұмыс – 1,9%, өзге себептер – 1,4% құрап отыр.

Ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың бой көрсетуінің ерекшеліктерін ауыл еңбеккерлерінің еңбегін қолдануға болатын ауыл


шаруашылығы емес салалардың және ауыл шаруашылығында әлеуметтік әріптестіктің дамымай отырғандығынан көруге болады. Ауылдық жердегі инфрақұрылымның ерекшелігі еңбек рыногының қалыптасуы мен даму үдерісі қалаға қарағанда анағұрлым баяу жүретіндігінде [8].

3 суретте облыстағы жас топтары бойынша жұмыспен қамтылған халықтың деңгейі қарастырылған.

2016 жылы 15 жас және одан үлкен жастағы жұмыс күші халық саны 411,3 мың адамды, одан ерлер – 210 мың адамды (51,1%), әйелдер – 201,3 мың адамды (48,9%) құрады. Оның ішінде қалалық жерлердегі жұмыспен қамтылған халық – 199,4 мың адам (48,5%), ауылдық жерлерде жұмыспен қамтылған халық – 211,9 мың адам (51,5%).

Жұмыс күшінде қатыспайтын адамдар санындағы негізгі үлесті зейнеткерлер – 67,3 мың адам, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушылар – 33,9 мың адам, денсаулық жағдайына немесе мүгедектігіне және еңбекке жарамсыздығына байланысты – 13 мың адам енжар болды, үй шаруашылығын жүргізумен – 1,8 мың адам және басқа себептерге байланысты – 21,3 мың адам болды. 2016 жылы халық санындағы жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың үлесі – 24,1%, ал 2014 жылы – 22,1% құрады [9].

Тұжырымдар. Қорытындылай келе Ақмола облысының соңғы жылдардағы еңбек рыногының жағдайын талдай отырып, жұмыс күші азайып, жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың көбейгенін, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыз халық санының төмендегенін және жалдамалы жұмыспен қамтылған халық саны өскендігін, өңір тұрғындары кәсіпорындар мен ұйымдарда жалдамалы жұмыспен қамтылғандардың артқанын байқаймыз.



3 сурет – Ақмола облысы бойынша жасына байланысты жұмыспен қамтылған халық, мың адам

Сонымен қатар, болашақта өңірде шағын кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігінің негізі болып мынадай салалар болуы тиіс, атап айтқанда: өндіруші өнеркәсіп, қызмет көрсету саласы, туризм, құрылыс, осылар жалпы өңірлік өнім ең жоғары өсіміне әкеледі және жұмыс орындарының көп санын құруға және өңірдің іскери белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мұндай тұрақты өсу кедейлік деңгейін едәуір төмендетуге, тұрғындардың біршама бөлігін неғұрлым нәтижелі жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге, адамдардың әл-ауқатының жақсаруына, еңбек өнімділігінің артуына және жұмыссыздардың және нәтижесіз еңбекпен айналысатын адамдардың, әсіресе, ауылды жерлердегі санын азайтуға мүмкіндік береді [10].

Еңбек рыногын жетілдіру мүмдіктері көп. Осыған байланысты еңбек рыногында жұмыспен қамтылу мен жұмыссыздықты азайтудың бағыттарын көрсетуге болады:

1. Еңбек рыногының қажеттілігін есепке ала отырып кәсіптік біліктілікті арттыру және еңбекке жұмылдыруды ынталандыру арқылы «Жалпыға арналған тегін кәсіптік техникалық білім беру» жобасы аясында кадрлар даярлау.

2. Микрокредиттеуді дамыту жолымен жаппай кәсіпкерлікті дамыту. Бұл мақсатқа Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарлама шеңберінде жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндіктер береді.

3. Жұмыссыздарды азайта отырып, өзін-өзі жұмыспен қамтылғандарды өнімді

жұмыспен қамтуға көптеп тарату және олардың табысын ұлғайту.

Жаңа жұмыс орындарын ашуға және оған жеке кәсіпкерлерді ынталандыруға, жұмыс орындарын сақтау мақсатында отандық өндірістерді шетелдік басым бәсекелестен қорғауға, еңбек рыногындағы сұраныстың саны мен болашағына сәйкес жұмыскерлерді ауқымды және кәсіби даярлау белсенділігін арттыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Позубенкова Э. И., Позубенков П. С., Сельский рынок труда: состояние и перспективы // Нива поволжья.- 2017.-№2, мамыр.-С.125-129.

- 2 Шаукенова З.К., Современное состояние рынка труда в Казахстане.- Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 100 с.

- 3 Баланс трудовых ресурсов в прогнозировании развития сельской местности: региональный аспект.- Омск: ФГБОУ ВПО ОмГАУ им. П.А. Столыпина, 2014. - 252 с.

- 4 Таспенова Г.А., Малгараева Ж.К., Рынок труда Казахстана: проблемы, статистика // Известия НАН РК.- 2016, №6.-С. 225-231.

- 5 Абуов К.К., Дюзельбаева Г.М. Проблемы развития аграрного рынка труда. – Костанай, 2010. -76 с.

- 6 Тәжікенова С.Қ., Еңбек рыногы: мәселелері және реттеу жолдары. – Астана, 2014.- 40 б.

- 7 Шахарова А.Е., Занятость сельского населения Казахстана // Проблемы агроэкономики.- 2016.-N1, январь-март.-С.123-131.

8 Джусибалиева А.К., Сайымова М.Д., Бекбосынова Л.Т. Рынок труда в аграрном секторе Казахстана // Проблемы агрорынка.- 2017.-N1, январь-март.- С.143-147.

9 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс].-2018.-URL:<http://stat.gov.kz>. (ақпаратты алу күні: 31.07.2018).

10 Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы (2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 қаулысы) [Электрондық ресурс]. – 2018. -URL:<http://adilet.zan.kz> (ақпаратты алу күні: 11.08.2018).

Әдебиеттер тізімі

1 Pozubenkova Je. I., Pozubenkov P. S., Sel'skij rynek truda: sostojanie i perspektivy // Niva povolzh'ja.- 2017.-№2, мамыр.-S.125-129.

2 Shaukenova Z.K., Sovremennoe sostojanie rynka truda v Kazahstane.- Astana: Kazahstanskij institut strategicheskikh issledovanij pri Prezidente Respubliki Kazahstan, 2017. – 100 s.

3 Balans trudovyh resursov v prognozirovanii razvitija sel'skoj mestnosti: regio-

nal'nyj aspekt.- Omsk: FGBOU VPO OmGAU im. P.A. Stolypina, 2014. - 252 s.

4 Taspenova G.A., Malgaraeva Zh.K., Rynek truda Kazahstana: problemy, statistika // Izvestija NAN RK.- 2016, №6.-S. 225-231.

5 Abuov K.K., Djuzel'baeva G.M. Problemy razvitija agrarnogo rynka truda. – Kostanaj, 2010. -76 s.

6 Təzhikenova S.Қ., Еңбек рынogy: мәseleleri zhəne retteu zholdary. – Astana, 2014.- 40 b.

7 Shaharova A.E., Zanjatost' sel'skogo naselenija Kazahstana // Problemy agrorynka.- 2016.-N1, janvar'-mart.-S.123-131.

8 Dzhusibalieva A.K., Sajymova M.D., Bekbosynova L.T. Rynek truda v agrarnom sektore Kazahstana // Problemy agrorynka.- 2017.-N1, janvar'-mart.- S.143-147.

9 Қазақстан Республикасы Ұлттық жеконмика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс].-2018.-URL:<http://stat.gov.kz>. (ақпаратты алу күні: 31.07.2018).

10 Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы (2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысы) [Электрондық ресурс].-2018.-URL:<http://adilet.zan.kz>. (ақпаратты алу күні:11.08.2018).